

Астықтың мемлекеттік ресурстарымен және агенттің өзінің қаржы-шаруашылық қызметінде жасалатын операцияларды жеке есепке алу жөніндегі бухгалтерлік есептің ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 5 наурыздағы N 330 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 тамыздағы № 680 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.08.2015 № 680 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Астық туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 19 қаңтардағы Заңының Z010143_ 5-бабының 7) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Астықтың мемлекеттік ресурстарымен және агенттің өзінің қаржы-шаруашылық қызметінде жасалатын операцияларды жеке есепке алу жөніндегі бухгалтерлік есептің ережесі бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 5 наурыздағы
N 330 қаулысымен

бекітілген

Астықтың мемлекеттік ресурстарымен және агенттің өзінің қаржы-шаруашылық қызметінде жасалатын операцияларды жеке есепке алу жөніндегі бухгалтерлік есептің

ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер астықтың мемлекеттік ресурстарымен және астықтың мемлекеттік ресурстарын басқару жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын агенттің (бұдан әрі - агент) өзінің қаржы-шаруашылық қызметінде жасалатын операцияларды жеке есепке алу жөніндегі бухгалтерлік есепті жүргізудің тәртібін белгілейді.

2. Агент бухгалтерлік есепті (бұдан әрі - есеп) Қазақстан Республикасы

Президентінің "Бухгалтерлік есеп жүргізу туралы" 1995 жылғы 26 желтоқсандағы N 2732 Z952732_ заң күші бар Жарлығына, V960248_ бухгалтерлік есеп жүргізудің стандарттарына, Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық комиссиясының 1996 жылғы 18 қарашадағы N 6 қаулысымен бекітілген Субъектілердің қаржылық-шаруашылық қызметінің бухгалтерлік есебін жүргізу есептерінің бас жоспарына (бұдан әрі - Бас жоспар) және осы Ережелерге сәйкес жүзеге асырады.

3. Агенттің астықтың мемлекеттік ресурстарын (бұдан әрі - мемлекеттік ресурстар) басқару жөніндегі операцияларының есебін жүргізу есеп тіркелімдерінің екі жинағын жүргізе отырып, өзінің қаржылық-шаруашылық қызметі бойынша операциялардан оқшау жүзеге асырылады.

4. Өзінің қаржылық-шаруашылық қызметі бойынша есепті агент бухгалтерлік есептің стандарттарына сәйкес жүзеге асырады.

Мемлекеттік ресурстармен операциялар бойынша есеп жүргізу бухгалтерлік есептің стандарттарына сәйкес төменде келтірілген талаптарды орындай отырып, жүзеге асырылады.

5. Агент мемлекеттік ресурстарды басқару жөніндегі шаруашылық операцияларын қосарланған жазбаның негізінде есепте көрсетеді және Бас жоспардың есептеріне қосалқы шотты 1-қосымшаға сәйкес және 2-қосымшаны ескере отырып, пайдаланады.

6. Осы Ережелерді қолдану мақсаты үшін мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) агенттің негізгі қызметі - өз қызметінің шегінде астықтың мемлекеттік ресурстарын қалыптастыру, жаңарту және сату жөніндегі қызмет;

2) агенттің негізгі емес қызметі - астықтың мемлекеттік ресурстарын басқарумен байланысты, заңдармен тыйым салынбаған агенттің өзге қызметі;

3) арнайы шоттар - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық органдарында агентке ашылған және уәкілетті мемлекеттік органның бақылауында болатын шоттар;

4) N 1 арнайы шот - мемлекеттік ресурстардың астығын сатып алуға арналған бюджеттің ақшасы түсетін арнайы шот;

5) N 2 арнайы шот - мемлекеттік ресурстардың сатылған астығы үшін алынған ақша жинақталатын арнайы шот;

6) N 3 арнайы шот - азық-түліктің астықтың мемлекеттік резервін сақтауға арналған бюджеттің ақшасы түсетін арнайы шот;

7) астықтың мемлекеттік ресурстарын басқару - уәкілетті мемлекеттік органмен шарттың негізінде астықтың мемлекеттік ресурстарын агенттің қалыптастыруы (сатып алуы), сақтауы, жаңартуы, пайдалануы және сатуы.

7. Жылдық қаржылық есеп беру үшін 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанға

дейінгі күнтізбелік жыл есеп беру кезеңі болып табылады. Жылдық қаржылық есеп беруге қосымша уәкілетті мемлекеттік органға және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне тоқсандық есеп беріледі.

2. Кірістердің есебі

8. Ұйымның негізгі және негізгі емес қызметінен алынған кірістер оның астықтың мемлекеттік ресурстарымен операциялардан алынған жиынтық кірісін құрайды.

9. Агенттің негізгі қызметінен алынатын кіріс мемлекеттік ресурстарды сатумен байланысты кіріс болып табылады.

10. Агенттің негізгі емес қызметінен алынатын кіріске: азық-түліктік астықтың резервін сақтауға арнап республикалық бюджеттен бөлінген субсидиялар; берілген тауарлық несиелер үшін сыйақы; банктердегі депозиттер бойынша сыйақы; мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша сыйақы; бағамдық айырмадан алынған кірістер; өзге де кірістер жатады.

11. Кірістердің есебі қосып есептеу әдісінің негізінде мынадай шоттарда жүргізіледі:

702 "Мемлекеттік ресурстарды сатудан алынған кіріс";

724 "Пайыздар түріндегі кірістер";

725 "Бағамдық айырмадан алынған кіріс";

726 "Республикалық бюджеттен субсидиялар";

727 "Негізгі емес қызметтен алынған өзге кірістер".

Бұл ретте 702-шотқа мемлекеттік ресурстардың түрлері бойынша қосымша шоттар ашылады.

3. Шығыстардың есебі

12. Мемлекеттік ресурстармен операциялар жөніндегі шығыстар мыналардан тұрады:

сатылған астықтың өзіндік құны;

сақтауға жұмсалған шығыстар;

сату бойынша шығыстар;

комиссиялық сыйақы бойынша шығыстар;

сатудың таза құнына дейінгі тауарлық-материалдық қорларды есептен шығарудың шығыстары;

бағамдық айырма бойынша шығыстар;

табыс салығы бойынша шығыстар;

өзге де шығыстар;

дүлей зілзалалар кезіндегі шығыстар.

13. Шығыстар мынадай жинақтамалы және талдамалы шоттарға қосып есептеу әдісінің негізінде есептеледі:

- 802 "Сатылған мемлекеттік ресурстардың өзіндік құны";
- 811/1 "Мемлекеттік ресурстарды сақтау бойынша шығыстар";
- 811/2 "Мемлекеттік ресурстарды сату бойынша шығыстар";
- 821 "Комиссиялық сыйақы бойынша шығыстар";
- 844 "Бағамдық айырма бойынша шығыстар";
- 845 "Негізгі емес қызмет бойынша өзге де шығыстар"
- 851 "Табыс салығы бойынша шығыстар";
- 861 "Дүлей зілзалалардан болған, өтемақы төленбейтін залалдар";
- 862 "Дүлей зілзалалардан болған кірістер (шығындар)".

Бұл ретте 802, 811/1, 811/2 және 821-шоттарға кейінгі тәртіптің талдамалы шоттары (қосымша шоттар) астықтың мемлекеттік ресурстарының түрлері бойынша ашылады.

4. Тауарлық-материалдық қорлардың есебі

14. Тауар-материалдық қорлар:

азық-түліктік астықтың мемлекеттік резервінен,
жемдік астықтың мемлекеттік ресурстарынан,
тұқымдық астықтың мемлекеттік ресурстарынан,
астықтың мемлекеттік сату ресурстарынан тұрады.

15. Мемлекеттік ресурстар тауар ретінде, "Мемлекеттік ресурстар" 222-шотында мынадай қосымша шоттар ашылып есептеледі:

- 222/1 "Азық-түліктік астықтың мемлекеттік резерві",
- 222/2 "Жемдік астықтың мемлекеттік ресурстары",
- 222/3 "Тұқымдық астықтың мемлекеттік ресурстары",
- 222/4 "Астықтың мемлекеттік сату ресурстары".

16. Астықтың өзіндік құнына сатып алуға, көлік-дайындау шығыстарына және астықты сатып алу мен сақтау орнына жеткізуге байланысты жұмсалған өзге де шығыстар енгізіледі.

Сатып алынған астық өзіндік құн бойынша есепке алынады.

17. Тауарлық-материалдық қорларды сатудың таза құны олардың өзіндік құнынан төмен болған жағдайда, өзіндік құнды тиісті айырманың сомасына ішінара есептен шығару жүргізіледі. Осы операция 802 шотына тиісті қосымша шоттардың дебеті және 222 шоттың тиісті Қосымша шоттарының кредиті бойынша көрсетіледі.

Сатудың таза құны әдеттегі шаруашылық қызметінің барысындағы болжамды сату бағасынан оларды сатуды, жинақтау мен ұйымдастырудың шығындары шегерілген сомаға тең.

18. Мемлекеттік ресурстардың өзіндік құнын бағалау ФИФО әдісі бойынша

жүргізіледі. ФИФО әдісімен бағалау кезінде алғашқы сатып алынған ресурстардың құны бірінші кезекте есептен шығарылады.

19. Сатылатын мемлекеттік ресурстардың өзіндік құны оған байланысты кіріс танылған есепті кезеңдегі шығыс ретінде танылады.

Өтеусіз негізде (қайырымдылық көмек) астық босатылған жағдайда, өзіндік құн астық қоры әкетілген есептік кезеңдегі шығыс ретінде танылады.

Сатудың таза құнына дейінгі кез келген есептен шығару сомасы және мемлекеттік ресурстардың бүкіл ысырапты есептен шығару жүргізілген немесе шығын келген кезеңнің бойындағы шығыс ретінде танылады.

Сатудың таза құнын арттырудың нәтижесінде мемлекеттік ресурстарды сатудың таза құнына дейін бұрын есептен шығарылған құнды қалпына келтіру сомасы арттыру жүргізілген есепті кезеңде сатылған мемлекеттік ресурстардың өзіндік құнын төмендету ретінде танылады. Осы операция 802-шотқа тиісті қосымша шоттардың дебеті және 222-шотқа тиісті қосымша шоттардың кредиті бойынша қызыл сторно әдісімен көрсетіледі.

20. Азық-түліктік астықтың резервін, жемдік және тұқымдық астықтың ресурстарын астықтың сату ресурстары есебінен толықтыру кезінде 222/1, 222/2, 222/3-қосымша шоттардың дебеті және 222/4-қосымша шоттың кредиті бойынша жазба жазылады. Азық-түліктік астықтың резервін, жемдік және тұқымдық астықтың ресурстарын астықтың сату ресурстары есебінен жаңарту кезінде 222/1, 222/2, 222/3-қосымша шоттардың дебеті және 222/4-қосымша шоттың кредиті бойынша азық-түліктік резервке, жемдік және тұқымдық ресурстарға түскен астық құнының сомасына жазба жазылады. Бұл ретте, сонымен бір мезгілде азық-түліктік астықтың резервіне, жемдік және тұқымдық ресурстардан астықтың сату ресурстарына әкетілетін астықтың сомасына 222/4-қосымша шоттың дебеті және 222/1, 222/2, 222/3-қосымша шоттардың кредиті бойынша ж а з б а ж а з ы л а д ы .

21. Астықты сақтау бойынша қызметтер көрсетуге ақыны заттай нысанда төлегенде мынадай жазбалар жүргізіледі:

"Алынатын шоттар" 301-шотқа қосымша шоттардың (мемлекеттік ресурстардың түрлері бойынша) дебеті және 702-шотқа тиісті қосымша шоттардың кредиті бойынша - мемлекеттік ресурстарды сақтау жөніндегі шығыстарға жатқызылған сомаға;

301-шотқа тиісті қосымша шоттардың дебеті және "Қосымша құн салығы" 633-шоттың кредиті бойынша - қосымша құн салығының сомасына;

802-шотқа қосымша шоттардың дебеті және тауар-материалдық қорлардың есебін жүргізудің тиісті қосымша шоттардың кредиті бойынша есептен шығарылатын тауарлық-материалдық қорлардың өзіндік құнының сомасына;

"Мемлекеттік ресурстарды сақтау бойынша есептеулер" 671/2-шоттың дебеті және 301-шотқа тиісті қосымша шоттардың кредиті бойынша - мемлекеттік ресурстарды сақтауды жүзеге асыратын ұйымдар берген шоттардың сомасына.

5. Ақшаның есебі

22. Ақша "Банктегі арнайы шоттардағы қолма-қол ақша" 423-шотында, мынадай қосымша шоттар ашылып, есепке алынады:

423/1 "N 1 арнайы шоттағы қолма-қол ақша";

423/2 "N 2 арнайы шоттағы ұлттық валютадағы қолма-қол ақша";

423/3 "N 2 арнайы шоттағы шетелдік валютадағы қолма-қол ақша";

423/4 "N 3 арнайы шоттағы қолма-қол ақша".

23. Аванстық төлемдер жүзеге асырылған кезде "Мемлекеттік ресурстарды жеткізуге берілген аванстар" 351, "Жұмыстар орындауға және қызметтер көрсетуге берілген аванстар" 352-шоттарға тиісті қосымша шоттардың дебеті және 423-шотқа тиісті қосымша шоттардың кредиті бойынша жазба жүргізіледі.

Сатылатын мемлекеттік ресурстар үшін аванстық төлемдер түскенде, 423/2, 423/3-қосымша шоттардың дебеті және "Мемлекеттік ресурстарды жеткізуге берілген аванстар" 661-шотына тиісті қосымша шоттардың кредиті бойынша ж а з б а жү р г і з і л е д і .

24. Республикалық бюджеттің шығыс бөлігінде астық сатып алу бойынша шығыстарды төлеуге арнап көзделген ақшаның түсуі 423/1-қосымша шоттарының дебеті және "Астық сатып алу бойынша бюджетпен есеп айырысу" 687/1-қосымша шоттарына мынадай реттегі талдамалы шоттардың кредиті б о й ы н ш а к ө р с е т і л е д і .

Республикалық бюджеттің шығыс бөлігінде астықты сақтау бойынша шығыстарды төлеуге арнап көзделген ақшаның түсуі 423/4-қосымша шоттарының дебеті және "Республикалық бюджеттен субсидиялар бөлу" 726-шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

Республикалық бюджетке ақшаны аударғанда 687/1, 687/3-қосымша шоттарының дебеті және 423/2-қосымша шотының кредиті бойынша жазба ж а з ы л а д ы .

25. Уақытша бос ақшаны мемлекеттік бағалы қағаздарға және банктердегі депозиттерге орналастыру мынадай шоттарда есепке алынады: 402 "Облигациялар", 403 "Басқа да қаржылық инвестициялар".

Ақшаны көрсетілгендей орналастыру кезінде 402 "Облигациялар" және 403 "Басқа да қаржылық инвестициялар" шоттарының дебеті және 423-шоттың қосымша шоттарының кредиті бойынша жазба жазылады.

26. Бағалы қағаздарға және банктердегі депозиттерге орналастырылған ақшаның есебін агент "Қаржылық инвестициялардың есебі" 8-бухгалтерлік есептің стандартына сәйкес жүргізеді.

6. Дебиторлық берешектің есебі

27. Дебиторлық берешек мыналарға бөлінеді:

сатылған мемлекеттік ресурстар бойынша дебиторлық берешек;
тауарлық несие бойынша дебиторлық берешек;
өндіріп алынатын қосылған құнға салынатын салық;
келешектегі кезеңдердің шығыстары;
мемлекеттік ресурстарды жеткізуге берілген аванстар;
жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге берілген аванстар;
банктердегі мемлекеттік құнды қағаздар мен депозиттер бойынша пайыздар бойынша берешек;
өзге дебиторлық берешек.

28. Дебиторлық берешек мынадай жинақтамалы және талдамалы шоттарда ескеріледі:

301 "Алынатын шоттар";

334/1 "Тауарлық несие бойынша берешек";

334/2 "Өзге берешек";

343 "Келешектегі кезеңдердің шығыстары";

331 "Өндіріп алынатын қосылған құнға салынатын салық";

332 "Есептелген пайыздар";

351 "Астық жеткізіп беруге берілген аванстар";

352 "Жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге берілген аванстар".

7. Міндеттемелердің есебі

29. Агенттің міндеттемелері мыналарға бөлінеді:

сатып алынған мемлекеттік ресурстар бойынша жеткізушілер алдындағы міндеттемелер;

мемлекеттік ресурстарды сақтауды жүзеге асыратын ұйымдар алдындағы міндеттемелер;

мемлекеттік ресурстарды сатуға байланысты шығыстар бойынша міндеттемелер;

астықтың мемлекеттік азық-түлік резервін сатып алуға алынған қаражат бойынша республикалық бюджет алдындағы міндеттемелер;

республикалық бюджетке аударуға жататын таза кіріс бойынша республикалық бюджет алдындағы міндеттемелер, комиссиялық сыйақы бойынша міндеттемелер;

келешектегі кезеңдердің кірістері;

қосылған құнға салынатын салық бойынша бюджет алдындағы міндеттемелер ;

заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы бойынша бюджет алдындағы міндеттемелер;

мемлекеттік ресурстарды жеткізуге алынған аванстар;
өзге кредиторлық берешек.

30. Міндеттемелер мынадай жинақтамалы және талдамалы шоттарда ескеріледі:

671/1 "Мемлекеттік ресурстарды жеткізушілермен есеп айырысу";

671/2 "Мемлекеттік ресурстарды сақтау бойынша есеп айырысу";

671/3 "Мемлекеттік ресурстарды сатуға байланысты қызметтер бойынша есеп айырысу";

687/1 "Мемлекеттік ресурстарды сатып алу бойынша бюджетпен есеп айырысу";

687/2 "Комиссиялық сыйақы бойынша есеп айырысу";

687/3 "Таза кірісті бюджетке аудару бойынша міндеттемелер";

611 "Келешектегі кезеңдердің кірістері";

631 "Төлемге салынатын ағымдағы табыс салығы";

633 "Қосылған құнға салынатын салық";

661 "Мемлекеттік ресурстарды жеткізуге алынған аванстар";

687/4 "Өзге кредиторлық берешек";

31. Мемлекеттік ресурстарды қоймаларға кіріске алған кезде мемлекеттік ресурстардың түрлері бойынша келесі реттік шоттар аша отырып, 222-шотқа тиісті қосалқы шоттардың дебеті және 671/1 "Мемлекеттік ресурстарды жеткізушілермен есеп айырысу" қосалқы шотының кредиті бойынша жазба жүргізіледі.

Бір мезгілде, қосылған құнға салық сомасына 331 "Өтеуге арналған қосылған құнға салынатын салық" шотының дебеті және 671/1-қосалқы шотқа келесі реттік талдамалы шоттардың кредиті бойынша жазба жүргізіледі.

Сатып алынатын мемлекеттік ресурстар үшін ақы төлеу 671/1-қосалқы шотқа келесі тәртіптегі талдамалы шоттардың дебеті және 423/1-қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

32. Сақтау бойынша қызметтер көрсету шамасына қарай мемлекеттік ресурстардың түрлері бойынша келесі ретпен шоттар аша отырып, 811/1 "Мемлекеттік ресурстарды сақтау жөніндегі шығыстар" қосалқы шоттың дебеті және 671/2 "Мемлекеттік ресурстарды сақтау жөніндегі есеп айырысулар" қосалқы шотының кредиті бойынша жазба жүргізіледі. Бір мезгілде қосылған құнға салынатын салық сомасына 331-шоттың дебеті және 671/2-қосалқы шоттың кредиті бойынша жазба жүргізіледі.

Сақтауды жүзеге асыратын ұйымдарға ақша аударған кезде 671/2 қосалқы шотқа келесі ретпен талдамалы шоттардың дебеті және 423/2, 423/4 қосалқы шоттардың кредиті бойынша жазба жүргізіледі.

33. Астық сатуға байланысты көліктік шығыстар сияқты және басқа

шығыстарды жұмсағанда 811/2 "Мемлекеттік ресурстарды сату жөніндегі шығыстар" қосалқы шотының дебеті және 671/3 қосалқы шотының немесе 423/2 қосалқы шотының кредиті бойынша жазба жүргізіледі. Бір мезгілде қосылған құнға салынатын салық сомасына 331-шоттың дебеті және 671/3-қосалқы шоттың кредиті бойынша жазба жүргізіледі.

34. Мемлекеттік ресурстарды сатқан кезде 821 "Комиссиялық сыйақы бойынша шығыстар" қосалқы шотының дебеті және 687/2 "Комиссиялық сыйақы бойынша есеп айырысу" қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетілетін комиссиялық сыйақы бойынша шығыстар есептеледі. Бір мезгілде қосылған құнға салынатын салық сомасына 331-шоттың дебеті және 687/2-қосалқы шоттың кредиті бойынша жазба жүргізіледі.

Комиссиялық сыйақы бойынша берешекті өтеуге ақша аудару 687/2-қосалқы шоттың дебеті және 423/2-қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

35. Қосылған құнға салынатын салықты есептеу 633-шоттың дебеті және 331-шоттың кредиті бойынша көрсетіледі. Қосылған құнға салынатын салықты төлеу 633-шоттың дебеті және 423/2-шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Заңды тұлғалардан алынатын табыс салығын есептеу 851 "Табыс салығы бойынша шығыстар" шотының дебеті және 631 "Төлеуге арналған ағымдағы табыс салығы" шотының кредиті бойынша көрсетіледі. Табыс салығын төлеу 631-шоттың дебеті және 423/2-шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

8. Шетел валютасындағы операциялардың есебі

36. Мемлекеттік ресурстармен байланысты шетел валютасындағы операциялардың есебін агент 9 "Шетел валютасындағы операциялардың есебі" бухгалтерлік есеп стандартына сәйкес жүргізеді.

9. Қорытынды кіріс (залал)

37. Қорытынды кіріс не залал 571 "Қорытынды кіріс (залал)" шотында көрсетіледі.

38. Есепті кезеңнің соңында VIII "Шығыстар" бөлімінің тиісті шоттарында көрсетілген шығыстар 571 "Қорытынды кіріс (залал)" шотының дебетіне жатады. 571-шоттың кредитіне VII "Кірістер" бөлімінің тиісті шоттарында көрсетілген кірістер жатады. 571 "Қорытынды кіріс (залал)" шоты бойынша дебеттік және кредиттік айналымдарды салыстыру 561 "Есепті жылдың бөлінбеген кірісі (өтелмеген залалы)" шотына көшірілетін таза кірістің (залалдың) сомасын анықтайды.

39. Таза кіріс қалыптасқан кезде республикалық бюджетке аударылуға

жататын сома 561-шоттың дебеті және 687/3 "Таза кірісті бюджетке аудару жөніндегі міндеттемелер" қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

40. Астықтың мемлекеттік ресурстарымен операциялар бойынша есептілік астықтың мемлекеттік ресурстары бойынша есепті, астықтың мемлекеттік ресурстары бойынша шаруашылық туралы есепті, астықтың мемлекеттік ресурстарымен жасалатын операциялар бойынша ақша қозғалысы туралы есепті, астықтың мемлекеттік ресурстарының қозғалысы туралы есепті, астықтың мемлекеттік ресурстары бойынша дебиторлық берешек туралы мәліметтерді, астықтың мемлекеттік ресурстары бойынша кредиторлық берешек туралы мәліметтерді (3, 4, 5, 6, 7, 8-қосымшалар) қамтиды.

41. Мемлекеттік ресурстармен жасалатын операциялар жөніндегі есептілікті агент мемлекеттік уәкілетті органға және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне есепті тоқсаннан кейінгі келесі айдың 15-не дейінгі мерзімде әр тоқсанның қорытындылары бойынша, сондай-ақ есепті жылдан кейінгі келесі жылғы 30 наурызға дейін есепті жылдың қорытындылары бойынша береді.

Ережеге 1-қосымша

Астықтың мемлекеттік ресурстарымен
жұмыс жөніндегі талдамалы есеп

шоттарының тізбесі

1. 222 "Астықтың мемлекеттік ресурстары"
 - 222/1 "Азық-түлік астығының мемлекеттік резерві"
 - 222/2 "Жемдік астықтың мемлекеттік ресурстары"
 - 222/3 "Тұқымдық астықтың мемлекеттік ресурстары"
 - 222/4 "Астықтың мемлекеттік сату ресурстары"
2. 301 "Алуға берілетін шоттар"
 - 301/1 "Азық-түлік астығының резервтері бойынша алуға берілетін шоттар"
 - 301/2 "Астықтың жемдік ресурстары бойынша алуға берілетін шоттар"
 - 301/3 "Астықтың тұқымдық ресурстары бойынша алуға берілетін шоттар"
 - 301/4 "Астықты сату ресурстары бойынша алуға берілетін шоттар"
3. 331 "Өтелуге тиіс қосылған құнға салынатын салық"
4. 332 "Есептелген пайыздар"
5. 334 "Басқа дебиторлық берешек"
 - 334/1 "Тауарлай несие бойынша берешек"
 - 334/1/1 "Азық-түлік астығы резервінен несиесі бойынша берешек"
 - 334/1/2 "Жемдік астықтың ресурстарынан несиесі бойынша берешек"
 - 334/1/3 "Тұқымдық астықтың ресурстарынан несиесі бойынша берешек"
 - 334/1/4 "Астықтың сату ресурстарының несиесі бойынша берешек"
 - 334/2 "Басқа дебиторлық берешек"
6. 343 "Болашақтағы кезеңдерге арналған шығыстар"

7. 351 "Мемлекеттік ресурстарды жеткізу бойынша берілген аванстар"
- 351/1 "Азық-түлік астығының мемлекеттік резервіне астық жеткізіп беруге берілген аванстар"
- 351/2 "Жемдік астықтың мемлекеттік ресурстарын жеткізіп беруге берілген аванстар"
- 351/3 "Тұқымдық астықтың мемлекеттік ресурстарын жеткізіп беруге берілген аванстар"
- 351/4 "Астықтың мемлекеттік сату ресурстарын жеткізіп беруге берілген аванстар"
8. 352 "Жұмыстарды орындау және қызмет көрсету үшін берілген аванстар"
9. 402 "Облигациялар"
10. 403 "Басқа қаржылық инвестициялар"
11. 423 "Банктердегі арнайы шоттардағы қолма-қол ақша"
- 423/1 "N 1 арнайы шоттағы қолма-қол ақша"
- 423/2 "N 2 арнайы шоттағы қолма-қол ақша"
- 423/3 "N 2 арнайы валюталық шоттағы қолма-қол ақша"
- 423/4 "N 3 арнайы шоттағы қолма-қол ақша"
12. 561 "Бөлінбеген табыс (жабылмаған залал)"
13. 571 "Жиынтық табыс (залал)"
14. 611 "Алдағы кезеңдер табыстары"
15. 631 "Табыс салығы"
16. 633 "Қосылған құнға салынатын салық"
17. 661 "Мемлекеттік ресурстарды жеткізіп беруге алынған аванстар"
- 661/1 "Азық-түлік астығының мемлекеттік резервіне астық жеткізіп беруге алынған аванстар"
- 661/2 "Жемдік астықтың мемлекеттік ресурстарын жеткізіп беруге алынған аванстар"
- 661/3 "Тұқымдық астықтың мемлекеттік ресурстарын жеткізіп беруге алынған аванстар"
- 661/4 "Астықтың мемлекеттік сату ресурстарын жеткізіп беруге алынған аванстар"
18. 671 "Жеткізушілермен және мердігерлермен есеп айырысу"
- 671/1 "Мемлекеттік ресурстарды жеткізушілермен есеп айырысу"
- 671/1/1 "Азық-түлік астығының мемлекеттік резерві бойынша жеткізушілермен есеп айырысу"
- 671/1/2 "Жемдік астықтың мемлекеттік ресурстары бойынша жеткізушілермен есеп айырысу"
- 671/1/3 "Тұқымдық астықтың мемлекеттік ресурстары бойынша жеткізушілермен есеп айырысу"

671/1/4 "Астықтың мемлекеттік сату ресурстары бойынша жеткізушілермен есеп айырысу"

671/2 "Мемлекеттік ресурстарды сақтау бойынша есеп айырысу"

671/2/1 "Азық-түлік астығының мемлекеттік резервін сақтау бойынша есеп айырысу"

671/2/2 "Жемдік астықтың мемлекеттік резервін сақтау бойынша есеп айырысу"

671/2/3 "Тұқымдық астықтың мемлекеттік резервін сақтау бойынша есеп айырысу"

671/2/4 "Астықтың мемлекеттік сату ресурстарын сақтау бойынша есеп айырысу"

671/3 "Мемлекеттік ресурстарды өткізумен байланысты қызметтер бойынша есеп айырысу"

19. 687 "Басқа кредиторлық берешек"

687/1 "Мемлекеттік ресурстарды сатып алу бойынша бюджетпен есеп айырысу"

687/1/1 "Азық-түлік астығының мемлекеттік резервін сатып алу бойынша бюджетпен есеп айырысу"

687/1/2 "Жемдік астықтың мемлекеттік резервін сатып алу бойынша бюджетпен есеп айырысу"

687/1/3 "Тұқымдық астықтың мемлекеттік резервін сатып алу бойынша бюджетпен есеп айырысу"

687/1/4 "Астықтың мемлекеттік сату ресурстарын сатып алу бойынша бюджетпен есеп айырысу"

687/2 "Комиссиялық сыйақы бойынша есеп айырысу"

687/2/1 "Азық-түлік астығының мемлекеттік резервінің астығын өткізуден түскен комиссиялық сыйақы бойынша есеп айырысу"

687/2/2 "Жемдік астықтың мемлекеттік ресурстарын өткізуден түскен комиссиялық сыйақы бойынша есеп айырысу"

687/2/3 "Тұқымдық астықтың мемлекеттік ресурстарын өткізуден түскен комиссиялық сыйақы бойынша есеп айырысу"

687/2/4 "Астықтың мемлекеттік сату ресурстарын өткізуден түскен комиссиялық сыйақы бойынша есеп айырысу"

687/3 "Таза табысты бюджетке аудару жөніндегі міндеттемелер"

687/4 "Басқа кредиторлық берешек"

20. 702 "Астықтың мемлекеттік ресурстарын сатудан түскен кіріс"

702/1 "Азық-түлік астығының мемлекеттік резервінің астығын сатудан түскен кіріс"

702/2 "Жемдік астықтың мемлекеттік ресурстарын сатудан түскен кіріс"

702/3 "Тұқымдық астықтың мемлекеттік ресурстарын сатудан түскен кіріс"

- 702/4 "Астықтың мемлекеттік сату ресурстарын сатудан түскен кіріс"
21. 724 "Пайыздар түріндегі табыстар"
 22. 725 "Бағамдық айырмадан түскен табыс"
 23. 726 "Республикалық бюджеттің субсидиялары"
 24. 727 "Негізгі емес қызметтен түскен басқа табыс"
 25. 802 "Сатылған мемлекеттік ресурстардың өзіндік құны"
- 802/1 "Азық-түлік астығының мемлекеттік резервінің сатылған астығының өзіндік құны"
- 802/2 "Жемдік астықтың сатылған мемлекеттік ресурстарының өзіндік құны"
- 802/3 "Тұқымдық астықтың сатылған мемлекеттік ресурстарының өзіндік құны"
- 802/4 "Астықтың сатылған мемлекеттік сату ресурстарының өзіндік құны"
26. 811/1 "Астықтың мемлекеттік ресурстарын сақтау бойынша шығыстар"
- 811/1/1 "Азық-түлік астығының мемлекеттік резервін сақтау бойынша шығыстар"
- "
- 811/1/2 "Жемдік астықтың мемлекеттік ресурстарын сақтау бойынша шығыстар"
- 811/1/3 "Тұқымдық астықтың мемлекеттік ресурстарын сақтау бойынша шығыстар"
- 811/1/4 "Астықтың мемлекеттік сату ресурстарын сақтау бойынша шығыстар"
27. 811/2 "Мемлекеттік ресурстарды сату бойынша шығыстар"
- 811/2/1 "Азық-түлік астығының мемлекеттік резервін сату бойынша шығыстар"
- 811/2/2 "Жемдік астықтың мемлекеттік ресурстарын сату бойынша шығыстар"
- 811/2/3 "Тұқымдық астықтың мемлекеттік ресурстарын сату бойынша шығыстар"
- "
- 811/2/4 "Астықтың мемлекеттік сату ресурстарын сату бойынша шығыстар"
28. 821 "Комиссиялық сыйақы бойынша шығыстар"
- 821/1 "Азық-түлік астығының мемлекеттік резервінің астығын сатудың комиссиялық сыйақы бойынша шығыстары"
- 821/2 "Жемдік астықтың мемлекеттік ресурстарын сатудың комиссиялық сыйақы бойынша шығыстары"
- 821/3 "Тұқымдық астықтың мемлекеттік ресурстарын сатудың комиссиялық сыйақы бойынша шығыстары"
- 821/4 "Астықтың мемлекеттік сату ресурстарын сатудың комиссиялық сыйақы бойынша шығыстары"
29. 844 "Бағамдық айырма бойынша шығыстар"
 30. 845 "Негізгі емес қызмет бойынша басқа шығыстар"
 31. 851 "Табыс салығы бойынша шығыстар"
 32. 861 "Дүлей зілзаладан болған өтелмейтін залалдар"
 33. 862 "Дүлей зілзаладан болған кірістер (залалдар)"

Үлгілі шаруашылық операцияларының астықтың мемлекеттік ресурстарымен жүргізген шоттарының корреспонденциясы

N	Операциялар мазмұны	!	Шоттар корреспонденциясы
!	!-----		
!	! Дебет	!	Кредит

- | | | |
|---|---|----------------------------|
| 1. Жеткізушілердің мемлекеттік ресурстарды сатып алу ҚҚС сомасына | 222/1-222/4
331 | 671/1/1-671/1/4 |
| 2. Мемлекеттік ресурстарды өткізу ҚҚС сомасына | 802/1-802/4
301/1-301/4
702/1-702/4
301/1-301/4
633 | 222/1-222/4 |
| 3. Ел ішінде мемлекеттік ресурстарды өтеусіз беру ҚҚС сомасына | 802/1-802/4
301/1-301/4
633 | 222/1-222/4 |
| 4. Шетелдік мемлекеттерге гуманитарлық көмек "Шығарылған елдері" қағидаты бойынша ҚҚС төлеттіріп алу жүргізілген елдермен, ҚҚС сомасына | 845
845 | 222/1-222/4
633 |
| 5. Сақтауды жүзеге асыратын ұйымның акцептелген шоты ҚҚС сомасына | 811/1/1-811/1/4
331 | 671/2/1-671/2/4 |
| Сақтау қызметі үшін мемлекеттік ресурстарды беру ҚҚС сомасына | 301/1-301/4
702/1-702/4
301/1-301/4
633 | 222/1-222/4 |
| Сақтау шығындары жөніндегі талаптар мен міндеттемелерді есепке алу | 802/1-802/4
671/2 | 222/1-222/4
301/1-301/4 |
| 6. Мемлекеттік ресурстардың өзіндік құнын өткізудің таза құнына дейін есептен шығару | 802/1-802/4 | 222/1-222/4 |
| 7. Өткізудің таза құнын өсірудің нәтижесінде бұрын өткізудің таза құнына дейін есептен шығарылған | | |

- мемлекеттік ресурстардың құнын
қалпына келтіру 802/1-802/4 222/1-222/4
8. "Астықтың мемлекеттік сату
ресурстарының есебінен азық-түлік
астығының, жемдік және тұқымдық
астықтың мемлекеттік ресурстарының
мемлекеттік резервін толықтыру 222/1-222/3 222/4
9. Астықтың мемлекеттік сату
ресурстарының есебінен азық-түлік
астығының, жемдік және тұқымдық
астықтың мемлекеттік ресурстарының 222/1-222/3 222/4
мемлекеттік резервін жаңарту 222/4 222/1-222/3
10. Республикалық бюджеттен арнайы
шоттарға ақшаның түсуі:
мемлекеттік ресурстарды алуға
азық-түлік астығының мемлекеттік 423/1 687/1/1-687/1/4
резервін сақтауға 423/4 726
11. Мемлекеттік ресурстардың
өткізілуінен ақшаның түсуі 423/2, 423/3 301/1-301/4
12. Мемлекеттік ресурстарды сатып
алушылардан аванстық төлемдердің
түсуі 423/2, 423/3 661
13. Мемлекеттік ресурстар
жеткізушілеріне аванстық
төлемдерді жүзеге асыру 351/1-351/4 423/1
14. Мемлекеттік ресурстарды сақтау,
көлік қызметін көрсету және т.б.
жөнінде қызметтер көрсететін
ұйымдарға аванстық төлемдерді
жүзеге асыру 352 423/2, 423/4
15. Сатып алынған мемлекеттік
ресурстар жөніндегі берешекті
өтеу есебінен жеткізушілерге

ақша аудару	671/1/1-671/1/4	423/1
16. Комиссиялық сыйақы бойынша берешекті есептеу	821/1-821/4	687/2/1-687/2/4
ҚҚС сомасына	331	
17. Комиссиялық сыйақы бойынша берешекті өтеу есебінен ақша аудару	687/2/1-687/2/4	423/2
18. Мемлекеттік ресурстарды сатумен байланысты тасымалдау және басқа да қызметтер жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың акцепт шоттары	811/2/1-811/2/4	671/3
ҚҚС сомасына	331	
19. Мемлекеттік ресурстарды сатумен байланысты қызмет көрсететін, мемлекеттік ресурстарды және т.б. сақтауды жүзеге асыратын ұйымдардың қызметтеріне ақы төлеу	671/2/1-671/2/4,	423/2, 423/4 671/3
20. Мемлекеттік ресурстарды жеткізушілерге бұрын берілген аванстарды берешектер өтемінің есебіне алу	671/1/1-671/1/4	351/1-351/4
21. Орындалған жұмыстар, көрсетілген қызмет үшін бұрын берілген аванстарды ұйымдар қарызы өтемінің есебіне алу	671/2/1-671/2/4,	352 671/3
22. Мемлекеттік ресурстардың жеткізілімі үшін бұрын алынған аванстарды есепке алу	661	301/1-301/4
23. Дүлей зілзалалардың салдарынан мемлекеттік ресурстарды есептен шығару	861, 862	222/1-222/4
24. Бағамдық айырма бойынша шығыстар	844	301/1-301/4,

	423/3, 671/1, 671,3	
25. Бағамдық айырма бойынша кірістер	301/1-301/4, 351, 423/3, 661, 671/1, 671/3	725
26. ҚҚС-ны есепке алу	633,	331
ҚҚС-ны бюджетке төлеу	633	423/2
27. Астықтың мемлекеттік ресурстарымен жұмыстың қорытындысы бойынша табыс салығын есептеу	851	631
Табыс салығын бюджетке төлеу	631	423/2
28. Есепті кезеңдегі табыстың қорытынды сомасын көрсету	702/1-702/4, 724, 725, 726, 727	571
29. Есепті кезеңдегі шығыстың қорытынды сомасын көрсету	571	802/1-802/4, 811/1, 811/2, 821, 844, 845, 851, 861, 862
30. Есепті кезеңдегі таза кірісті айқындау	571	561
31. Мемлекеттік ресурстармен операциялардан түскен таза табыстың аударылуы бойынша бюджет алдындағы қарыздың пайда болуы	561	687/3
32. Мемлекеттік ресурстарды сатудан келіп түсетін республикалық бюджетінің кірісіне ақша аудару	687/1/1-687/1/4, 687/3	423/2

Ережеге 3-қосымша
Астықтың мемлекеттік ресурстары бойынша
200 __ жылғы _____ арналған есеп

(мың теңге)

Баптардың атауы ! Жолдың ! Жылдың ! Жылдың
! коды ! басында! аяғында

Активтер

Мемлекеттік ресурстар, оның ішінде:	100
азық-түлік астығының резерві (222/1)	110
жемдік астықтың ресурстары (222/2)	120
тұқымдық астықтың ресурстары (222/3)	130
астықтың мемлекеттік сату ресурстары (222/4)	140
Дебиторлық берешек, оның ішінде:	200
алуға арналған есептеулер (301)	210
берілген аванстар (351, 352)	220
ҚҚС (331)	230
тауарлы несие (334/1)	240
Қосып есептелген проценттер (332)	250
Келесі кезеңдердің шығыстары (343)	260
Басқа дебиторлық берешек (334/2)	270
Қаржылық инвестициялар (402, 403)	300
Арнаулы шоттардағы қолма-қол ақша (423/1, 423/2, 423/3, 423/4)	400
Активтердің жиыны	
Міндеттемелер	
Кредиторлық берешек, оның ішінде:	500
Төлеуге берілетін шоттар (671/1)	510
сақтау жөніндегі міндеттемелер (671/2)	520
өткізумен байланысты қызметтер жөніндегі міндеттемелер (671/3)	530
комиссиялық сыйақы (687/2)	540
астық сатып алу бойынша бюджетпен есеп айырысу (687/1)	550
ҚҚС бойынша берешек (633)	560
табыс салығы бойынша берешек (631)	570
Алынған аванстар (661)	580
келесі кезеңдердің кірістері (611)	590
бюджетке аударылуға жататын таза кіріс (687/3)	600

Міндеттемелердің жиыны

Мемлекеттік ресурстардың шаруашылық 800

қызметінен түскен таза кіріс (залал)

Басшы

Бас бухгалтер

Ережеге 4-қосымша

Астықтың мемлекеттік ресурстары бойынша

шаруашылық қызмет нәтижелері туралы

200 __ жылғы _____ арналған есеп

(мың теңге)

Көрсеткіштердің атауы

! Жолдың N ! Сомасы

Мемлекеттік ресурстарды өткізуден түскен кіріс 010

(702)

Азық-түлік астығының мемлекеттік резервінің 011

астығын сатудан түскен кіріс (702/1)

Жемдік астықтың мемлекеттік ресурстарын 012

сатудан түскен кіріс (702/2)

Тұқымдық астықтың мемлекеттік ресурстарын 013

сатудан түскен кіріс (702/3)

Астықтың мемлекеттік сату ресурстарын сатудан 014

түскен табыс (702/4)

Сатылған мемлекеттік ресурстардың өзіндік құны 020

(802)

Азық-түлік астығының мемлекеттік резервінің 021

сатылған астығының өзіндік құны (802/1)

Жемдік астықтың сатылған мемлекеттік 022

ресурстарының өзіндік құны (802/2)

Тұқымдық астықтың сатылған мемлекеттік 023

ресурстарының өзіндік құны (802/3)

Астықтың сатылған мемлекеттік сату 024

ресурстарының өзіндік құны (802/4)

Жалпы кіріс 030

Кезең шығыстары, оның ішінде: 040

Комиссиялық сыйақы шығыстары (821) 041

Сақтау бойынша шығыстар (811/1)	042
Сату бойынша шығыстар (811/2)	043
Астық операцияларынан алынған кіріс (залал)	050
Негізгі емес қызметтен алынған кіріс (залал)	060
Салық салынғанға дейінгі әдепкі қызметтен алынған кіріс (залал)	070
Кіріс салығы (851)	080
Салық салынғаннан кейінгі әдепкі қызметтен алынған кіріс	090
Төтенше жағдайлардан болатын кіріс (залал)	100
Таза кіріс (залал)	110

Басшы
Бас бухгалтер

Ережеге 5-қосымша

Астықтың мемлекеттік ресурстарымен байланысты операциялар бойынша ақшаның қозғалысы туралы

200 __ жылғы _____ арналған есеп
(мың теңге)

Көрсеткіштердің атауы	! Жолдың N !	Сомасы
Кезең басындағы ақшаның қалдығы, оның ішінде:		100
N 1 арнайы шотта	110	
N 2 арнайы шотта	120	
N 3 арнайы шотта	130	
Ақшаның түсімі, оның ішінде:	200	
N 1 арнайы шотта	210	
N 2 арнайы шотта	220	
N 3 арнайы шотта	230	
Ақшаның есептен шығарылуы, оның ішінде:		300
N 1 арнайы шоттан сатып алуға	310	
N 3 арнайы шоттан сақтау жөніндегі шығыстарды төлеуге		320
N 2 арнайы шоттан аударылды:	330	
сатып алуға бөлінген қаражаттарды аудару жөніндегі бюджет алдындағы міндеттемелер бойынша		331

таза кірісті аудару жөніндегі бюджет алдындағы міндеттемелер бойынша	332
есепті кезеңнің таза кірісін аудару жөніндегі бюджетке төленетін аванстық төлемде	333
ҚҚС	334
төленуі тиіс табыс салығы	335
комиссиялық сыйақыны төлеуге	336
сақтау жөніндегі шығыстарды төлеуге	337
сатумен байланысты қызметтерді төлеуге	338
басқа да есептен шығарулар	339
Кезең аяғында ақша қаражатының қалдығы, оның ішінде:	400
N 1 арнайы шотта	410
N 2 арнайы шотта	420
N 3 арнайы шотта	430

Басшы
Бас бухгалтер

Ережеге 6-қосымша
Астықтың мемлекеттік ресурстарының қозғалысы туралы
200 __ жылғы _____ арналған есеп
(мың теңге)

Мемлекеттік ! Есепті ! Түсімдер
ресурстардың ! кезеңнің !-----
түрлері ! басындағы ! Мемлекеттік ! Тауарлық ! Барлығы
! мемлекеттік ! ресурстарға ! несиелердің !
! ресурстардың ! сатып ! қайтарылғаны !
! қалдығы ! алынғаны ! !
!-----
! саны ! сомасы ! саны ! сомасы ! саны ! сомасы ! саны ! сомасы
!(мың ! !(мың ! !(мың ! !(мың !
! тонна)! ! тонна)! ! тонна)! ! тонна)!

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7 ! 8 ! 9

Азық-түлік
астығының

мемлекеттік
резерві
Жемдік
астықтың
мемлекеттік
ресурстары
Тұқымдық
астықтың
мемлекеттік
ресурстары

Астықтың
мемлекеттік
сату
ресурстары

Барлығы

таблицаның жалғасы:

Мемлекеттік ресурстардың есептен шығарылуы ! Есепті кезеңнің

-----! аяғындағы

Астықтың ! Тауарлық ! Барлығы ! мемлекеттік
мемлекеттік ! несиеге ! ! ресурстардың
ресурстарының ! берілгені ! ! қалдығы
сатылғаны ! ! !

саны ! сомасы ! саны ! сомасы ! саны ! сомасы ! саны ! сомасы
(мың ! ! (мың ! ! (мың ! ! (мың !
тонна ! ! тонна ! ! тонна ! ! тонна !

10 ! 11 ! 12 ! 13 ! 14 ! 15 ! 16 ! 17

Басшы
Бас бухгалтер

Ережеге 7-қосымша
Астықтың мемлекеттік ресурстары бойынша
дебиторлық берешек туралы мәліметтер

200 __ жылғы _____ арналған
(мың теңге)

N!Шоттың!Дебиторлар!Талап!Бере.!Талап.!Төлеу!Талап.!Кезең.!Кезең.!Кезең.
! N !(атауы !қоюға !шек !тың !мер !тың !нің !дегі !нің
! !немесе аты !негіз !неден !туын. !зімі !бас. !басын.!төлем !соңын.
! !-жөні, !болған!туын. !даған ! !тапқы !дағы ! !дағы
! !экспорттық !құжат.!дады !күні ! !сомасы!бере. ! !бере.
! !операциялар!тың ! ! ! ! !шек ! !шектің
! !кезінде !N ! ! ! ! !қалды.! !қалды.
! !мемлекеттің!және ! ! ! ! !ғы ! !ғы
! !атауы !күні ! ! ! ! ! ! !
! !көрсетіле. ! ! ! ! ! ! ! !
! !ді) ! ! ! ! ! ! ! !

Басшы
Бас бухгалтер

Ережеге 8-қосымша
Астықтың мемлекеттік ресурстары бойынша
кредиторлық берешек туралы мәліметтер
200 __ жылғы _____ арналған
(мың теңге)

N!Шоттың!Кредиторлар!Бере. !Бере. !Мін. !Төлеу!Мін. !Кезең.!Кезең.!Кезең.
! N !(атауы !шектің!шек !детте.!мер. !детте.!нің !дегі !нің
! !немесе аты !туын. !не !менің !зімі !менің !басын.!төлем !соңын.
! !-жөні !дауына!үшін !туын. ! !бас. !дағы ! !дағы
! ! !негіз !пайда !даған ! !тапқы !бере. ! !бере.
! ! !болған!болды !күні ! !сомасы!шектің! !шектің
! ! !құжат.! ! ! ! !қалды.! !қалды.
! ! !тың N ! ! ! ! !ғы ! !ғы
! ! !және ! ! ! ! ! ! ! !

! ! !күні ! ! ! ! ! ! !

Б а с ш ы

Бас бухгалтер

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК